Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Абай - қазақ тіліндегі философ, аудармашы, ақын, поэт. Абайдың 45 қара сөзі, өлеңдері және 3 поэмасы бар. Абай Құнанбайұлы өз қара сөздерінде адами құндылықтар мен ұлттық мінез көрінісін дәріптейді. Кейбір қара сөздерінде Абай „толық адам" бейнесін сипаттайды. Абайдың "Ескендір„, „Масғұт", „Әзімнің әңгімесі" деген 3 поэмалары бар. Егер „Масғұт" пен "Ескендір„ поэмаларын салыстырсақ, Абай "Ескендір„ поэмасында тойымсыз, қанағатсыз адамды бейнелейді. Ал "Масғұт„ поэмасында керісінше толық адам бейнесін көрсетеді.

Абай Құнанбайұлының өлеңдерінде көбінесе табиғат, махаббат, ерлік және білім туралы тақырыптар көтерілген. Менің ойымша Абайдың қара сөздері қазіргі заманның жастарына мен оқып келе жатқан балаларға өте керек деп ойлаймын. Өйткені Абай Құнанбайұлы өз қара сөздерінде білім алуға, еңбек етіп, талпынуға шақырады. "Ғылым таппай мақтанба„ деген өлеңінде 5 асыл іске шақырып, 5 дұшпаннан қашық болу керек екенін айтады. Абай атамыз тірі болғанда, қазіргі жастар қоғамын көріп шошынар еді деп ойлаймын. Баланы кішкентай кезінен бері еркелетпей еңбекке үйрету керек екенін өз қара сөзінде айтады. Абайдың айтқаны бойынша, адам тойымсыз болмай, бәріне қанағат болып, еріңбей өз дұшпаныңды жеңіп, білімді "толық адам„ болу керек

17-ші қара сөзінде Абай бізге қайрат, ақыл мен жүректің бәсекелесін бейнелейді. Сонда олар ғылымға келеді де, ғылым айтады "сендер үшеуің бірлескенде ғана дұрыс болады, бірақ жүрек адамның қанын жүргізеді, сондықтан жүрек басқарсын„ деп өз ойын тапсырып береді. Абайдың қара сөздері мен өлеңдері қазіргі жаңандану заманында -ғы жастар қоғамына өте өзекті тақырып деп ойлаймын.

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2

Қорытындылай келе, Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар және ұлттық мінез көрінісі өте өзекті тақырып. Әсіресе қазіргі біздің елдің жастар қоғамына. Өйткені "Оқу инемен құдық қазғандай" оңай емес. Абай атамыз айтқандай бәріне тойымды, қанағат, "толық адам" болу керек. Абайдың қара сөздері мен поэмаларын оқығанда ғана "толық адам" ұғымын білуге болады.